

Тақырыбы: «Менің елім - менің болашағым»

Мақсаты:

1. Білімділік: Оқушылардың Қазақстан туралы білімдерін кеңейту. Өнерге деген қабілеттерін дамытып, елге, жерге деген патриоттық сезімдерін ояту. Ел рәміздерін, тарихын білу.
2. Дамытушылық: Белсенді ой-өрісін, сөздік қорын, тілін, өмірге деген көзқарасын дамыту.
3. Тәрбиелік: Оқушыларды достыққа, адамгершілікке, ұқыптылыққа, саналылыққа тәрбиелеу.

Пәнаралық байланыс: География, әдебиет, Қазақстан тарихы

Көрнекілігі: Мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, рәміздер, суреттер, интерактивті тақтада слайд жұмыстары.

Іс шараның барысы

Қанатты сөз:

1. Туған жер – алтын бесік.
 2. Отан! Отан! Бәрінен биік екен.
- Мен сені мәңгілікке сүйіп өтем.

М. Мақатаев.

Армысыздар құрметті оқушылар! Бүгінгі «Менің елім - менің болашағым» тақырыбындағы жиынды ашық деп жариялаймын. «Отан оттан да ыстық», - дейді халқымыз. Егер сол Отан бөтенге бодан болса, оның оты перзентінің өзегін өртейді, ешкімге тәуелсіз болса, мақтаныш алауын маздатады.

Менің туған өлкем – кең байтақ Қазақстан! Оның асқар таулары мен айдын көлдері, жайқалған орманы мен жасыл жайлауы – менің ақ бесігім. Сондықтан да, мен оны ардақтаймын. Шексіз сүйемін! Әрқашан аялап, қорғап жүремін. Менің елім – Қазақстан. Бұл әрбір дала перзентінің (кәрісі бар, жасы бар) көкірегінде мақтанышпен айтатын сөзі. Бұл тақырып төңірегінде сан ойландым, көп толғандым. Елім жайлы, алтын бесігім туған жерім жайлы азаматтық жүрегіммен толғана сыр шерте алар ма екем?!

Құс ұясыз,

Жыртқыш інсіз болмайды.

Отансыз жан өмірінде оңбайды,

Өзін-өзі қорлайды да, сорлайды.

Тірі адамға сол қайғы,-

деп ақын ағамыз Мұқағали жырлағандай, Отаны жоқ адамдар нағыз бақытсыз жан екен.

Ал біз қазақ халқы нағыз бақ қонған халықпыз деп шаттана айта аламыз. Өзіміздің мемлекетіміз, тарихымыз, тіліміз, тәуелсіз еліміз бар.

«Не деген дархан ел, не деген төзімді де қайратты ел, не деген батыр да батыл менің елім!» деп көңілің көкке көтеріледі.

Алтайдан Алатауға дейін байтақ жерді мекен еткен ата – бабаларымыз тәуелсіздікті арман еткен. Осынау кең даланы көк найзаның ұшымен, сом білектің күшімен қорғаған бабаларымыздың аманатын орындау үшін талай боздақтар жанкештілікке барған.

Қаракерей Қабанбай, Қанжыға-лы Бөгенбай батырлардан бастап, беріректе Бауыржан, Мәншүк, Әлия сынды батырлар сол ел қорғауды ұран еткен, сол үшін құрбан болып, ел құрметіне бөленген батырлар.

Ресейдің езгісінде болып, тіліміз бен дінімізден безіп, орыстанғалы тұрғанда Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова сияқты қыршын жастардың құрбандыққа баруы арқасында ғана тәуелсіздік алып, егеменді ел болдық.

Бейне фильм көрсету «Желтоқсан оқиғасы»

1986 жылы 16 желтоқсанда орталық алаңға жастар мен студенттер Үкімет басына Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың орнына орыс Геннадий Колбиннің келуіне қарсы екендіктерін білдіріп, елдің тәуелсіздігін алу үшін шеруге шықты. Олар: «Тәуелсіздік керек!», « Қазақ елінің өз көсемі сайлансын!» деген тілек білдірді. Республика жұртшылығы бұл адаммен мүлдем бейтаныс болатын, бұл сылтау ғана, көп жылдар бойы ой санасына қордаланып жатып шыдам – шарқы таусылып барып, бұрқ етіп шыққан арман көрінісі еді. Сол кездегі үкімет басшыларының бұйрығымен күш көрсетілді. Көптеген жастар түрмеге қамалды. Оларға желтоқсанның ызғарлы күнінде зәбір көрсетілді. Өз елінің тәуелсіздігін талап етіп шеруге шыққан жастарға «Бұзақылар», «Ұтшылдар», «Нашақорлар» деген кінәлар тағылды.

Иә, бұл күнге жету үшін ата-бабамыз қан төкті, жанын берді, бүкіл жеріміздің тұтастығын сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа табыс етті. Бірақ қазақтың әр ұлдары мен ер қыздары көбеймесе азаймады.

Сабира Мұхаметжанова 1985 жылы сегіз жылдық мектепті үздік бітіріп, бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлайтын оқу орнына студент болып қабылданды. Ол Алматыдағы жастар шеруін жұдырықтай жүрегімен қолдап, Өскемен қаласының көңілі ашық, көкірегі ояу студенттерімен бірге Ушанов алаңына қарай өлең айтып, шеру тартты. Өскемен жиналысында Сабираны айыптап, тәртіпсіз деп бағалаған. Сөйтіп, албырт жас жатақхананың өзі тұратын бөлмесінің терезесінен секіріп қаза тапты.

Желтоқсанның қазаққа
Ызғары көп тастаған
Намыстан өлген ұлтымның
Қыздары көп, қарағым
Өр намыс иесі, қайсар, жас қыз Лаззат Асанова жайлы айтып өтсек.

Лаззат Асанова Алматы облысы, Панфилов ауданы, Ақжазық ауылында дүниеге келген. Алматының Чайковский атындағы музыкалық училищесінде қобызшы мамандығы бойынша оқып жүрген Лаззат Асанованың он алты жылдық қысқа ғұмыры арта үзілді. Ол жазалаушылардың қорлығынан қаза тапқан. Лаззат әпкемізді мәңгі есімізде қалдырамыз. Аруағына бас иеміз.

Еш алаңсыз бейбіт демонстрация күшпен басылып, қанмен тойтарылды, жас өмірлерді қиып кетті.

Ербол Сыпатаев Талдықорған облысы, Панфилов ауданының Ленин атындағы совхоздың екінші бөлімшесінде туып өскен. Ол — Энергетика институтының II-ші курс студенті болатын. Ербол бір үйдің жалғыз баласы еді. 1986 жылдың 18-желтоқсанында кешкі сағат 2000-де ауруханаға бас сүйегі мен иығынан ауыр жарақаттанған Ерболды әкелді. Ол есін жимастан қайтыс болды. Біздер Ербол ағамыздың жастық жігері мен ерлігін мәңгі есімізде сақтап, аруағына бас иеміз.

Қанға бөккен қала көшелері мен алаңдар қаңырап бос қалды. Қазақтың әр үйіне үрей кірді, әр қазаққа «ұлтшыл», «нашақор», «маскүнем» деген айып тағылды. Алаңға жиналған қазақтың, әрбір жас өркенінің артына шам алып түскен қуғындау, қудалау басталды. Оның ішінде ату жазасынан бастап жиырмадан бір жылға бас бостандығынан айырған жазаларды ұлттық қаһармандарымыз арқалап кете барды.

Соның бірі – Қайрат Ноғайбайұлы Рысқұлбеков еді. Қайрат Рысқұлбеков Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданында, Бірлік аулында дүниеге келген. 1982 жылы ол Алматы Сәулет құрылыс институтына түседі. Сол Желтоқсан оқиғасынан кейін оны «Савицкийді өлтірген қылмыскер» деп жала жауып «Аса қауіпті қылмыскерлер изоляторында» ұстады. Ата-бабаларымыз аңсаған, армандаған еркіндік пен бостандық таңы 1991 жылы 16 желтоқсанда атты. Бұл күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіз мемлекет болып жарияланды. Тәуелсіздік ел атануымызға Қай-рат Рұсқұлбеков, Ербол Сыпатаев, Ләззат Асанова, Сәбира Мухаметжанова сияқты апаларымыз бен ағаларымыздың арқасында еліміз жеңіске жетті. Өзіміздің Елбасымыз, өзіміздің жеріміз, еліміз бар. Өзіміздің Туымыз, Ел-таңбамыз, Әнұран, тіліміз, теңгеміз бар. Тәуелсіздіктің жарық күні мәңгі ата берсін! Балалар, әрбір Қазақстанның азаматы өз Туын, Елтаңбасын, Әнұранын бұлжытпай тану керек. Өз Отанын жанындай сүйіп, еліміздің тәуелсіздік белгісін қадірлеу, мақтаныш тұту біздің міндетіміз!

Ән: «Көк тудың желбірегені».

«Ата – қоныс жер қымбат,

Туып - өскен ел қымбат», - демекші, балалар, бүгінгі жиында айтылғандарды өнеге етіп, елді, жерді сүюді, қадірлеуді өмірлік мақсат етейік.

Еліміздің келешек тағдыры, Қазақстан ертеңі өз қолдарыңызда. Туған елдеріңді өркениетті мемлекеттермен терезесі тең, керегесі кең ететін біздерміз. Ол үшін терең әрі жан – жақты білімді болу – міндетіміз.

Мақпал негізгі орта мектебі

**Тақырыбы:
«Менің елім -
менің
болашағым»»**

Дайындаған: Е.Р. Шингожина